

Г.Ж. Орда*  , Т.С. Измахан 

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

*e-mail: orda_68@mail.ru

БАЛАЛАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛІК ҚЫЗМЕТІ

Мақалада он томдық «Қазақ балалар әдебиеті» антологиясының «Ағайынбыз бәріміз» деп аталатын екінші томындағы ақындардың балаларға арналған поэзиялық шығармалары қарастырылған. Ұлттық әдебиеттің үлкен бір саласы – балалар әдебиеті. Қазақ балалар әдебиетінің бүгіні мен болашағын бағамдау үшін оның жүріп өткен тарихына шолу жасалған. Балалар поэзиясындағы дәстүр ұласуы мен мазмұн, түр жаңалығы әр дәуір ақындарының жекелеген шығармаларына әдеби талдау жасаумен тұжырымдалған. Жазба әдебиеттегі балалардың логикасын дамытып, танымын кеңейтетін шығармаларды ғылыми саралауда ХІХ ғасыр әдебиетінен Ыбырайдан, ХХ ғасыр басындағы әдебиеттен Жүсіпбек пен Мағжан жырларынан келтірілген мысалдар ауыз әдебиеті үлгілерінен бастау алған балалар жырларының дәстүрлі жалғасы ретінде бағаланды. Балалардың бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру жолында ағартушы ұстаздардың жасаған еңбектері ұшан теңіз. Олар оқулық, оқу әдістемелік құралдарымен бірге көркем шығармаларында балалардың бойына ізгілік нәрін себүді көздеді. Балалар әдебиетіндегі бесік жыры, санамақ, жаңылпаш, жұмбақ, мазақтама тәрізді ұсақ жанрлардағы мазмұн, түр жаңалығы Ә. Сәрсенбаев, Ә. Тәжібаев, М. Әлімбаев, М. Жаманбаев, Т. Бердияров, Ж. Смақов, О. Әубәкіров, С. Жиенбаев, М. Неталиев тәрізді ақындардың шығармалары негізінде бағамдалған. Ақындардың балаларға арналған поэзиялық туындыларының танымдық, тәрбиелік қызметі жекелеген шығармаларға жасалған әдеби талдаулармен анықталған.

Түйін сөздер: балалар поэзиясы, бесік жыры, санамақ, жаңылпаш, жұмбақ, мазақтама, дәстүр сабақтастығы, жаңашылдық.

G.Zh. Orda*, T.S. Izmakhan

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: orda_68@mail.ru

The cognitive and educational function of children's poetry

The article examines the poetic works of poets for children in the second volume of the ten-volume anthology "Kazakh Children's Literature" entitled "We Are All Brothers". A large branch of national literature is children's literature. To assess the present and future of Kazakh children's literature, a review of its history was conducted. Continuity of traditions, novelty of content and form in children's poetry are formulated through a literary analysis of individual works of poets of different eras. In a scientific analysis of written literature that develops children's logic and broadens their horizons, examples from the literature of Ybrai in the 19th century and the literature of the early 20th century by Zhusupbek and Magzhan were assessed as a traditional continuation of children's poems originating in oral creativity. The work of teachers in educating children about national values is invaluable. They sought to instill kindness in children through their works of art, as well as textbooks and teaching aids. The content and form of small genres such as lullabies, riddles, counting, tongue twisters, riddles, parodies, and satire in children's literature are new; they are based on the works of such poets as A. Sarsenbaev, A. Tazhibayev, M. Alimbaev, M. Zhamanbalinov, T. Berdiyarov, Zh. Smakov, O. Aubakirov, S. Zhienbaev, and M. Netalieva. The cognitive and educational function of poetic works by children is determined by literary analysis of individual works.

Keywords: children's poetry, lullaby, counting, tongue twisters, riddle, parody, continuity of traditions, innovation.

Г.Ж. Орда*, Т.С. Измахан

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

*e-mail: orda_68@mail.ru

Познавательная и воспитательная функция детской поэзии

В статье рассматриваются поэтические произведения поэтов для детей во втором томе десятилетней антологии «Казахская детская литература» под названием «Мы все братья». Крупной отраслью национальной литературы является детская литература. Для оценки настоящего и будущего казахской детской литературы был проведен обзор ее истории. Преемственность традиций, новизна содержания и формы в детской поэзии формулируются посредством литературного анализа отдельных произведений поэтов разных эпох. В научном анализе произведений письменной литературы, развивающих логику детей и расширяющих их кругозор, примеры из литературы 19-го века и литературы начала 20-го века Жусупбека и Магжана были оценены как традиционное продолжение детских стихов, берущих начало в устном творчестве. Труд педагогов по воспитанию у детей национальных ценностей не оценим. Они стремились привить детям доброту посредством своих художественных произведений, а также учебников и учебных пособий. Содержание и форма малых жанров, таких как колыбельная, загадка, счет, скороговорки, загадка, пародия, сатира в детской литературе, являются новыми в основу положены произведения таких поэтов, как А. Сарсенбаев, А. Тажибаев, М. Алимбаев, М. Жаманбалинов, Т. Бердияров, Ж. Смаков, О. Аубакиров, С. Жиенбаев, М. Неталиева. Познавательная и воспитательная функция поэтических произведений поэтов для детей определяется литературным анализом отдельных произведений.

Ключевые слова: детская поэзия, колыбельная, счет, скороговорки, загадка, пародия, преемственность традиций, новаторство.

Кіріспе

Кез келген халық балалар әдебиетіне ерекше көңіл бөлсе, қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерінде балалар тәрбиесіне қатысты шығармалар молынан кездеседі. Бала тәрбиесі туралы білім халықтық этнопедагогиканы негіз етсе, ол халық ауыз әдебиетінен, салт-дәстүрден, балалар ойындарынан бастау алады. Сондықтан да халықтық педагогика халықпен бірге сан ғасырлар бойы қалыптасып, дамып келеді. Халықтық педагогиканың негізгі мақсаты – сан ғасырлық тәжірибеден өткен ата-баба дәстүрімен ең асыл мұраттарға тәрбиелеу. Осы жөніне педагогика ғылымының маманы С. Ұзақбаева халықтық педагогика – ұрпақтан-ұрпаққа көбіне ауызша түрде берілген тәрбие мен оқыту саласындағы халықтың білімдері, іскерліктері, дағдыларының жиынтығы екенін баса айтып, солардың негізінде әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің қалыптасатындығына көңіл аударады.

Қазақ балаларын сан ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтармен тәрбиелеуде, білім беруде ағартушы-ұстаздардың еңбегі ересен зор. Қазақ ағартушыларының қатарында Шоқан, Ыбырай, Абай, Шәкәрім, Жамбылдардың есімі аталатын болса, Шоқанның қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін алғашқы жинаушы, зерттеуші ретіндегі еңбегі ерекше. Оның қазақ эпостары, аңыздары, ертегілері, өлең-жырлары, мақал-мәтелдерін

жинауын, оларға түсінік беруін Н. Смирнова, Ш. Сәтбаева, Р. Бердібаев, сияқты ғалымдар арнайы зерттеді. Шоқанның этнографиялық зерттеулерімен бірге Шал, Жанак, Орынбай, Шөже ақындар туралы, ақындық өнер, ауыз әдебиеті хақындағы ой-пікірлері Қ. Өмірәлиев, Б. Адамбаев, С. Әсіпов, М. Жармұхамедов, О. Нұрмағамбетова, Е. Тұрсынов, М. Мағауин, С. Қасқабасов, Б. Абылқасымов сияқты ғалымдардың зерттеулерінде кеңінен қаузалды. Ш. Уәлиханов қазақ, қырғыз халық әдебиеті үлгілерін жинау және жариялау ісінде көптеген шаруалар тындырды.

Материалдар мен әдістер

Тақырыпты зерттеуде балалар әдебиетіндегі бесік жыры, санамақ, жаңылпаш, жұмбақ, мазақтама тәрізді ұсақ жанрлардағы мазмұн, түр жаңалығын анықтауда поэтикалық талдау әдісі, шығармаларға әдеби-теориялық талдау жасауда тілдік, стильдік тұрғыдан талдау, герменевтикалық талдау, шығармадағы әлеуметтік мәселелердің көрінісін шолып талдау, шығармадағы көркем детальдарды өзек ете талдау тәрізді әдіс-тәсілдер қолданылды.

Әдебиеттерге шолу

Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдағы балалар ақындарының шы-

ғармаларына жасалған шолуда балалар поэзиясының танымдық, тәрбиелік қызметі анықталды. Қазақ балалар әдебиеті тарихындағы поэзиялық шығармалардың барлығын түгел қамту мүмкін болмағандықтан, он томдық «Қазақ балалар әдебиеті» антологиясының «Ағайынбыз бәріміз» деп аталатын екінші томындағы әр дәуір ақындарынан бір-ер мысал келтірілді.

«2021 – Балалар әдебиеті жылы», «2022 – Балалар жылы» деп аталғандықтан, соңғы жылдары балалар әдебиетін жеке кітап етіп шығару ісі мен оны зерттеуге ерекше көңіл аударылуда. 2023 жылы Н.Ақыштың екі томдық «Қазақ балалар әдебиетінің тарихы» атты еңбегінде ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап, балалар әдебиетінің арғы-бергі тарихы жасалса, «Қазіргі қазақ балалар әдебиетінің даму үрдістері» деген ұжымдық еңбекте тәуелсіздік тұсындағы шығармалар зерттеу нысанына алынды (Қазіргі, 2022: 288). Автордың «Қазіргі қазақ балалар әдебиеті» деген монографиясында 1992-2022 жылдар аралығындағы туындылар зерттелгендіктен (Орда, 2024: 320), мақалада тәуелсіздікке дейінгі кезеңдегі ақындардың шығармалары талдау нысанына алынды.

Қазіргі балалар әдебиетін зерттеп жүрген ғалымдардың барлығы да оның бастау көзін ауыз әдебиеті үлгілерінен бастайды. Қазіргі балалар әдебиетін зерттеп жүрген А. Лотоцкая «Проблемы детской литературы XXI века» деген еңбегінде: «Современные детские стихи, рассказы и сказки в основном легко читаются и понятны самым маленьким читателям. В основе таких произведений, как и раньше, лежит фольклор.

Герои, созданные народом, продолжают жить в современных произведениях. Так же в современной детской литературе очень широко описаны взаимоотношения между сверстниками и взрослыми», – деп ауыз әдебиетінен жалғасып келе жатқан балалар әдебиетінің бүгіннен хабар береді (Лотоцкая, 2017).

И. Минералова орыс ақындарының балалар мен жасөспірімдерге арналған балалар поэзиясы жөніндегі «Детская поэзия и русские поэты в круге детского и юношеского чтения» мақаласында орыс балалар поэзиясының атқаратын қызметіне көңіл бөлсе, М. Юсупова «Проблемы детской литературы в XXI века» мақаласында қырғыз балалар әдебиеті мен балалар кітаптарының қалыптасу және даму жолдарына шолу жасай отырып, болашақ ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде

ата-аналармен тығыз бірлікте жұмыс жасаудың жолдары мен негізгі бағыттарын ұсынады (Юсупова, 2024: 44-48).

Орыс және қырғыз әдебиеттанушыларымен бірге әлемдік әдебиеттануда балалар әдебиетін зерттеудің өзектілігін балалар әдебиетінің теориясы, зерттеу және оқыту мәселелері жөніндегі Е.Кейдің «Children’s Literature: Theory, Research, and Teaching» (Кей, 1990: 9), ағылшын балалар әдебиетіндегі отбасы әдебиеті мен мәдениеті туралы А.Алстонның «The Family in English Children’s Literature (Children’s Literature and Culture)» (Alston, 2008: 15-78), М.Карл және басқа ғалымдардың балалар әдебиетіндегі американдық қаһарман туралы «The American Hero in Children’s Literature: A Standards-Based Approach» (Карл, 2005: 152), Х.Эверстің балалар әдебиетін зерттеудің негізгі тұжырымдамалары мен әдеби-әлеуметтанулық тәсілдері жайлы «Fundamental Concepts of Children’s Literature Research: Literary and Sociological Approaches» (Эверст, 2009: 21-28), Э. Салливан мен П.Уайттың салыстырмалы балалар әдебиеті жөніндегі (Children’s Literature Collections: Approaches to Research» (Салливан, 2017: 247) еңбектерінде балалар әдебиетін зерттеу мен оның қызметі жан-жақты зерттелгенін көрсетеді. Аталған зерттеулер мен ғылыми мақалалар тақырыпты зерттеуде бағыт-бағдар берді.

Қазіргі таңда қазақ балалар әдебиетіне ерекше көңіл бөлініп балалар қаламгерлері республикалық деңгейдегі түрлі әдеби байқаулардың жүлдегері атанып жүр. «Айбоз» әдеби байқауының «Үздік балалар әдебиеті» номинациясы бойынша 2023 жылы Б.Ыбырайымның жеткіншектерге арналған тұңғыш детективті романы «Іздер құпиясы», 2024 жылы Т.Әлжантегінің «Қызықтың бәрі ауылда» шығармасы жүлдегер атанса, беларус жазушысы А.Орлованың «Это грузовик, а это прицеп», швед жазушысы Р.Лагеркранцтың «Моя счастливая жизнь» и «Моё сердце прыгает и смеётся», А.Усачёвтың «Волшебное дерево», А. Никольскаяның давно стала «Чемодановна», бразилия жазушысы Л.Бужунганың «Желтая сумка», Д.Корждың «Тайна Шоколдуни», Н.Соломконың «Чёрная рука из второго подъезда», Д.Робинсонның «Когда здесь была Марни» тәрізді балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармалары оқырмандар арасында жақсы танымал. Әлем әдебиетіндегі осы мысалдардан балалар қаламгерлерінің шығармаларына сұраныстың жоғары екендігі байқалады.

Нәтижелерлер мен талқылау

Балаларға арналған туындыларды ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап сөз ететін болсақ, педагогика ғылымының мамандары баланы оқыту мен тәрбиелеуді ежелгі дәуірдегі сақтар мәдениетінен бастауды ұсынады. Ж. Әбиев педагогика тарихын сегіз кезеңге бөліп қарастырады. Олар: сақтар мәдениеті мен тәрбие тәлімі, көне грек ойшылдарының тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері, Шығыс ойшылдарының педагогикалық ой-пікірінің пайда болуы мен қалыптасуы, ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы Революция кезеңіндегі буржуазиялық-демократиялық педагогиканың дамуы, орыс және Кеңес педагогтарының көзқарастары, қазақ ағартушыларының ой-пікірлерінің қалыптасуы және дамуы, ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі педагогикалық ой-пікірлер, ХХ ғасырдың қыркыншы жылдар үстінде Қазақстан педагогикасының дамуына үлес қосқан педагог ғалымдар, жаңашыл педагогтар.

Аталған кезеңдердің ішінен қазақ ағартушыларының ой-пікірлерінің қалыптасу және дамуына қазақ даласына орыс-қазақ мектептерін алып келген Ы. Алтынсариннің ағартушылық саласындағы еңбегі жатады. Ол орта мектептерде оқытылып жүрген оқулықтардың негізін қалап, «Қазақ хрестоматиясында» қазақ балаларына арнап поэзиялық, прозалық үлгідегі көптеген туындыларды жазды. Оқулықтың беташары ретінде берілген «Кел, балалар, оқылық» өлеңінде:

Бір Құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық.
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық (Антология, 2021: 4), –

деп балаларды білім алуға шақырады.

Кеңестік дәуір тұсында атеизм салтанат құрғандықтан, аталған өлеңнің алғашқы тармағы қысқартылып оқытылатын. Еліміз егемендік алғаннан кейін ақын өлеңінде қысқаруға түскен тармақ қалпына келтірілді. Мектепке жаңа барған бала ұғымына сай қарапайым тілде, жеңіл ұйқастарға құрылған өлең жаттап айтуға өте ыңғайлы. Аталған өлең 1879 жылы «Қазақ хрестоматиясында» берілсе, сол уақыттан бері мектепке барған әр бала «Кел, балалар оқылық» өлеңімен сауатын ашып келеді. Ақынның өлеңдері жөнінде ғалым Ж.Әбиев былай дейді: «Ыбырай жастарды оқу-білім, өнерге үндегенде, құрғақ насихатқа ұрынбайды, қайта өз ойын нақтылықпен дәлелдеуге ұмтылады. Айтпақ пі-

кірді оқушы зердесіне еркін сіңіру үшін әр алуан ұстаздық амал-тәсіл қолданады. Бұл тұста ол ең алдымен шешендік қайталауларды ұтымды пайдаланады» (Әбиев, 2006: 310].

Балаларға арналған Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы», С. Көбеевтің «Үлгілі тәржімә», «Үлгілі бала» оқулықтарының қатары А. Байтұрсынұлының «Қырық мысал» жинағы, «Оқу құралы» әліппесі, «Тіл – құрал», «Тіл жұмсар», «Әліпби», «Әліппе астары» қазақша әліпби үйретушілерге баяншы, Т. Шонанұлымен бірігіп жазған суретті «Оқу құралы», «Сауат ашқыш» оқулықтарымен толықтырғаны тарихтан белгілі. Ыбырай орыс-қазақ мектебін алып келсе, Ахмет білімді төте игеруді ұсынды. Ол ауыл мектептері мен орыс мектептерінің пайдасы мен зиянын айта келіп, екеуінен де бас тартып, оқудың жаңа үлгісін қалыптастырып қазақ әліпбиін жасады. Бастауыш мектепті бітірген бала белгілі кәсіп иесі болу үшін оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, жағрафия тәрізді қоғамдық және жаратылыс ғылымдарын тұтастай оқытатын комплекспен оқытуды ұсынды (Байтұрсынұлы, 2022: 232). А. Байтұрсынұлының балалардың ойлауын дамытуды көздеген «Бұл қай кезде болады?» жұмбақ өлеңі 1912-1914 жылдардан бері жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарында оқытылуда.

Ағарту саласына көп еңбек сіңірген ұстаздың бірі – Жүсіпбек Аймауытов. Ол – «Психология» «Жан жүйесі мен өнер таңдау» бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Тәрбиеге жетекші» және 2 сынып оқушыларына арналған «Жаңа ауыл», «Комплекспен оқыту жолдары» атты оқу-әдістемелік еңбектер жазып, қазақ балалары мен ұстаздардың білімін жетілдіруге бағыт сілтеген әдіскер-ғалым. Ақынның «Жаман тымақ» мысал-ертегісі балаларға арналған. Тымақтың басынан кешкен оқиғалардан патша үкіметі мен кеңестік дәуір орнағаннан кейінгі қазақтардың хал-ахуалын көруге болады. Алғашында салықты төлей алмай басын тауға да, тасқа да ұрып жүрген тымақ, жаңа өкімет орнап кедейге күн туғанда басына азаттық алып қатарға қосылады. Ақын түлкі тымақ, жаман тымақ, күрең тымақ, боқша асынған тымақ, шоқша сақал, сұр тымақ, жаман тақияның қылығымен сол тымақтардың иесін көз алдымызға елестетеді. Осындағы ақ сақалы сапсыған күрең тымақтың:

Алыс жерден жол келген
Алты жасар балаға
Алпыстағы шал келген...

Оң батамды берейін,
Өссін, балам, мерейің! (Антология, 2021: 20), –

деген сөзіне ақсақалдың батасын сиғызған. Қазақта «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал сәлем береді» деген тәмсіл бар. Ақын балалардың есіне осыны салумен бірге өзі өмір сүрген дәуір шындығын мысал-ертегі үлгісімен беріп отыр. Қаламгердің стилі жөнінде Қ.Жарықбаев: «Оның әр сөзі мірдің оғындай, әрқайсысы өз орнында, сапқа тұрған әскердей, бір басы артық орынсыз тұрған сөзді көре алмайсыз. Логикасы да жүп-жұмыр, сөзі қысқа да болса нұсқа, тілге жеңіл, ойға кең, яғни, ұлы Абай астарлап айтқандай «іші алтын, сырты күміс» болып келеді, жұртты бірден өзіне баурап алады, ішкі жан дүниесінің небір жықпылдарына кіріп кеткенін аңғармай да қаласын», – деген болатын (Жарықбаев, 2013: 365-366).

Балалар поэзиясынан үлкен орын алатын келесі ақын – Мағжан Жұмабайұлы. Ол «Педагогика», «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні» тәрізді зерттеу еңбектер жазды. Рубинштейн, Скворцов, Смирнов сынды ғалымдардың педагогика саласындағы еңбектеріне сүйене отырып, қазақ тілінде жазылған бұл еңбек – аталған ғылым саласындағы тұңғыш қарлығаш еді. «Педагогика» оқулығында халықтық педагогика мен психологияны ұштастыра зерттеді. Сонымен бірге қазақ поэзиясын мазмұны мен түрі жағынан байытып, жаңа биікке көтерді. Ақын табиғат құбылыстары мен жыл мезгілдерін арқау еткен өлеңдерінде адам мен табиғатты тұтас бірлікте қарады. Ақынның «Бөбектің тілегі», «Сал-сал білек, сал білек», «Жаз», «Ақ қала», «Бесік жыры» балаларға арналған. «Бесік жыры» – халық әдебиетіндегі бесік жырының дәстүрлі жалғасы.

Алмас қылыш,
Найза құрыш
Белге буарсын.
Сен, сырттаным,
Арыстаным,
Жауды қуарсың (Антология, 2021: 28), –

деген жолдарда жас сәбиді ерлікке, батырлыққа, ел мен жерді сүюге баулумен бірге, ел мен жерді жаудан қорғауға деген сенім артады. Бала тәрбиесі жөнінде педагогика ғылымының мамандары Р. Мұқанова мен Р. Ильясова былай дейді: «Жастарды кіндік кесіп, кір жуған жері үшін, әлпештеп өсірген елі үшін қасық қаны

қалғанша жаумен жағаласа білуге тәрбиелеген. Халық тәрбиесін құндақта жатқан күнінен бастап, ат жалын тартып азамат болғанға дейін естіп өскен ұрпақ бабалар өсиетін ғасырлар бойы мүлтіксіз іске асырып келеді» (Мұқанова, 2008: 289). Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, ақын өз шығармаларында балаларға патриоттық тәрбие беруді көздеген. Қазіргі таңда мектеп оқулықтарында ақынның шағын лирикаларымен бірге балалардың бойында Отанға, елге деген патриоттық рухты қалыптастыратын «Батыр Баян» поэмасы оқытылады. Өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелейтін мұндай шығамалар қашан да құнды, бағалы. Барлық халықтардың балалар әдебиеті туралы сөз еткенде, оның бастауы ауыз әдебиетінде екендігін ғалымдар өз еңбектерінде жан-жақты дәлелдейді, Мәселен, орыс әдебиетіндегі «Бесік жыры» туралы И. Минералова: «Детская поэзия уходит своими корнями в разного рода поэтические образцы фольклора, русской народной обрядовой поэзии, она вырастает из синкретических жанров, объединяющих в себе семантику поэтического стихотворного текста и мелодию. Таким жанром является колыбельная песня, таковы призванные развлекать ребенка заклинки, припевки, так что вполне органичным жанром детской поэзии является *песня* как лироэпический жанр, соединяющий в себе признаки рассказа и ярко выраженное эмоциональное переживание изображаемых событий» (Минералова, 2020), – деген болатын. Ғалым айтқандай, бесік жырының негізгі ерекшелігі – синкреттілігі. Жеңіл, әуезді музыка баланың қабылдауына лайық болумен қатар, оның сөздеріне авторлар ерекше көңіл бөлген. «Бесік жыры» арқылы баласының болашақта ел қорғайтын батыр, үлкен азамат болуын әр халық сөз құдіретімен нәрестенің құлағына сіңіріп, көкірек көзіне құя білген.

«Қазақ поэзиясының құлагері» деп танылған талантты ақын Ілияс Жансүгіровтің балаларға арналған шығармалары жетерлік. Қазақ поэзиясын Ақан сері туралы «Құлагер» поэмасымен байытқан ақынның «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Күз» өлеңдері жыл мезгілдеріне арналса, «Бөбек бөлеу» – ана жырының, әлдиінің қатарын толықтыратын өлең.

«Бөбек бөлеу» – ауыз әдебиетіндегі «Бесік жыры», «Әлди-әлди» тәрізді бөбектерді жұбатуға арналған жырлардың дәстүрлі жалғасы.

Бөл-бөл, бөбек, бөл, бөбек,
Бүлдіршін шүмек бәйтерек,

Балалы үйрек, бас бармақ,
Кішкене бөбек, бес бөлек,
Саусақайы салбырап,
Бөлене қойсын қос білек (Антология, 2021: 39).

Баланың тілін, ойын дамытуға қол моторикасы (қимылы) көп көмек ететін болса, қазақ халқы кішкентай балаларды бес саусағын танып білуге үйреткен. Әр саусақты өз атымен атай отырып, оларды бір-бірінен ажыратумен бірге саусақтарды салалау арқылы тіл, ми жұмыстарын арттырған. Ақын өлеңінен халық әдебиетіндегі осы дәстүрдің жалғасын көруге болады, айырмашылық мәтінде. Ақын балаға таңертең ерте тұруды, беті-қолын жууды, ата-анасына қамқор болуды, еңбек етуді, білім алуды үлгі-өнеге етеді. Білімді, еңбекқор, бауырмал, ұқыпты баланың болашағы жарқын болатыны белгілі болса, ақын – әр қазақ баласының бойына ізгілік нәрін себуші.

Балалар әдебиетіне көп үлес қосқан қаламгердің бірі – Сапарғали Бегалин. Бастауыш сынып оқулықтарында жазушының Шоқан мен мүсінші Мысық деген баланың достығы туралы «Бала Шоқан» әңгімесі ұзақ жылдардан бері оқытылып келеді. Ақынның «Қазым, қазым, қаңкылда», «Қоян», «Құлыншақ» өлеңдерінің танымдық, тәрбиелік жағы басым. Аталған өлеңдерде балаларға қаз, қоян, құлыншақтың тіршілігінен хабар бере отырып, солардың өмірімен балаларды тәрбиелеуге ұмтылады. Атай айтатын болсақ, өлеңдерді оқыған балалар қаздардан үйреніп кәмпит жемейтін, соның орнына арпа, бидай сияқты ас болатын тамақтарды жеу кергін түсінсе, қоянның қорқақтығына қарап батыр болуға бел буады. Құлыншақтың өмірі қазақ балаларына тіптен жақын. Мал шаруашылығымен айналысатын халықтың балалары малсақ келеді. Олар қай құлынның қай биеден туғанына дейін ажыратып, болашақта қандай тұлпар болатынын топшылайды. Қазақта белгілі ат бапкерлер, ат сыншылары болған, солардың ішінде көпшілікке белгілілерінің бірі – Абайдың «Аттың сынындағы», екіншісі – «Құлагер» поэмасындағы ат сыншысы.

Халық мұрасында жұмбақтарды баланың ойлау қабілетін арттыру, тілін жаттықтыру, ойын дамыту мақсатында пайдаланған. Балалар әдебиетінің қалыптасуы мен дамуына өлшеусіз үлес қосқан ақынның бірі – Өтебай Тұрманжанов. «Кім неге барсын?», «Жел басынан сипаса...» өлеңдері жаттап айтуға ыңғайлы болса, «Нешеуі қызыл, нешеуі ақ?» – балалардың ойын дамыта-

тын жұмбақ өлең. Жұмбақты шешу арқылы олар санап үйренеді.

Бесеуі қызыл, бесеуі ақ,
Он қалтамда он алма.
Жетеуі қызыл, жетеуі ақ,
Сол қалтамда толы алма.
Нешеуі қызыл, нешеуі ақ?
Тапқыш болсаң, ойлан тап! (Антология, 2021: 55).

Ақынның жұмбақ-өлеңі – атадан-балаға мұрас болған жұмбақтардың дәстүрлі жалғасы. Тәрбиені педагогика ғылымының маманы Қ. Сейталиев: «тәрбие – бұл қоғамның одан әрі дамуын қамтамасыз етуге қажетті өмір мен еңбекке даярлау мақсатында аға ұрпақтың қоғамдық-тарихи тәжірибесін жас ұрпаққа беру үрдісі», – деп түсіндіреді (Сейталиев, 2009: 30-31). Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, ақын жоғарыдағы өлеңдерімен ауыз әдебиетінде қалыптасқан үлгілерді жалғастыра отырып, қазақ балаларын тәрбиелеуге ден қойғанын байқауға болады.

Балалар әдбиетінің белгілі өкілінің бірі – Әбу Сәрсенбаев. Ол – Е. Исмайыловпен бірге 3 сыныпқа арналған «Әдебиет хрестоматиясын» құрастырған (1938), үлкендер мектебіне арналған «Оқу кітабы» (1941), 3 сынып оқушыларына арналған «Ана тілі» (1948, 1959) оқулықтарының авторы. Ыбырай, Спандияр, Ахмет, Жүсіпбек сияқты балаларға оқулық жаза жүріп, оларға не кергін, нені оқытуды дәл, дұрыс түсінген қаламгердің балаларға арнап жазған прозалық, поэзиялық шығармалары жетерлік.

1942-1947 жылдары Кеңес әскері қатарында қызмет етіп, Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер ақынның өлеңдерінің лейтмотиві – балалардың бақытты болуы, ұйқысының тыныш болуы, күзеттің берік болуы, бейбітшіктің тұғырлы болуы. «Сүйікті туған ел», «Ақ көгершін», «Сен, құрметте оны!», «Жатырқама, жас сәби» өлеңдері ХХ ғасырда мектеп оқулықтарында оқытылды. «Сен, құрметте оны!» өлеңінде:

Сен, құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын.
Еріккеннен де ұстап жүрген жоқ,
Қолтықтағы ұзын таяғын (Антология, 2021: 62), –

деп, жас өркенді Ұлы Отан соғысының ардагерлерін, мүгедектерін құрметтеуге шақырады.

Ақынның өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелейтін отанын, елін, жерін сүйеуге, құрметтеуге арналған өлеңдері жетерлік. Ақ көгершінді – бейбітшіліктің символы дейтін болсақ, көгершінге қолымен тамақ беріп тұрған бөбектің бейбіт заманда өмір сүретініне сенесің. «Жатыр-қама, жас сәби» балладасына Ұлы отан соғысы жылдарында жаудан азат етілген Украина селосында анасынан айырылып, жетім қалған жас сәбидің тағдыры арқау болған.

Қазақ әдебиетінің тарихынан үлкен орын алатын ақынның бірі – Әбділда Тәжібаев. Ақынның балаларға арналған шығармаларын өз ішінен бірнеше топқа бөлуге болады. Халық әдебиеті үлгілерінен бері сақталып келе жатқан бесік жыры мен әлди-әлди жырының қатары ақынның «Әлди, әлди!» жырымен толықты. Теңіздің толқынынан, боранның шуылынан бөбегінің ұйқысын қорыған лирикалық кейіпкер баласының ұйқысы тыныш болуын қалайды:

Әлди, теңіз, әлди-әлди, толқындар,
Тоқтасыншы түнгі дүлей жортулар.
Шығармашы үрей дауысын кемеңнің,
Шошынбасын бесігінде бөбегім (Антология, 2021: 95).

Балалар әдебиетінен үлкен орын алатын жанрдың бірі – санамақ. Мұзафар Әлімбаев – балалар әдебиетінің бағбаны. Ұзақ жылдар «Балдырған» журналын басқарған ақынның өмірі балалармен тығыз байланыста болды. Оның мектепке дейінгі балаларға, бастауыш сынып оқушыларына арнаған тақпақтарының тәрбиелік мәні жоғары. Кішкентай балалардың тілі ерте, таза шығу үшін қол моторикасын дамытқан дұрыс. Ақынның «Он саусақ», «Қол» тақпақтары мектеп жасына дейінгі балалардың қол моторикасын дамытуға өте ыңғайлы. Он саусақ туралы:

Жалғыз саусақ тіпті де
Үстай алмас жіпті де.

Екі саусақ бірікті:
Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды,
Жүгіртеді қаламды...

Өнерлі екен он саусақ:
Қала салсақ, жол салсақ... (Антология, 2021: 191).

Санамақтар туралы балалар әдебиетінің маманы ғалым Ш.Ахметовтің: «Балалардың, әсі-

ресе, дыбыстық қуалаушылыққа – ассонанс пен аллитерацияға құмарлығы санамақ табиғатынан байқалады» (Ахметов, 1974: 124), – деген пікіріне сүйенетін болсақ, санамақ жанрының негізі ерекшелігі – дыбыс қуалаушылығы. Әр тармақтың соңындағы «тіпті де», «жіпті де», «бірікті», «ілікті», «орамды», «қаламды», «он саусақ», «жол салсақ» деген сөздердің арасында тек қана ұйқас қуалаушылық емес, дыбыс үндестігі де сақталған. Осы үлгімен жазылған санамақтардың тілі жеңіл, жаттауға ыңғайлы. Балалардың ойын дамытуда, сандарды жаттауда, есеп құрастыруда санамақ – таптырмайтын құрал.

Ақынның көптеген өлең-тақпақтары ұзақ жылдар бойы мектеп оқулықтарына еніп, балалар жатқа айтып келеді. Келтірілген өлең жолдарын бірнеше буын өкілдері жаттап өсті, осы тақпақтармен тәрбиеленді. Қазақ балаларының ойын дамыту, тілін жаттықтыру, шешен сөйлеуге баулу, ойын таза жеткізуге үйрету сияқты мәселелер ақын шығармаларында кеңінен қамтылғанын жұмбақтар мен жаңылтпаштардан көруге болады.

Балалардың ойын дамытуда үлкен рөл атқаратын жанрдың бірі – жұмбақтар. Қазақ балалар әдебиетінен үлкен орын алатын қаламгердің бірі – Мүбәрак Жаманбалинов. Ол балалардың логикасын дамытуда көптеген жұмбақтарды ұсынды. Бұл жұмбақтар мектеп оқулықтарында ұзақ жылдардан бері оқытылып келеді.

Өзім судан өнемін,
Суға салсаң, өлемін. (Түз)

Екі темір шананы
Кезек мініп барады. (Конькиші)

Белімнен қыс! – дейді,
Қыссаң, тістейді. (Қысқыш) (Антология, 2021: 259).

Балаларды тазалық, ұқыптылық, мейірімділік, бауырмалдық тәрізді жақсы қасиеттерге баулуда мазақтама жанрының атқаратын қызметі ерекше. Ұлы Отан соғысы жылдарында Украина майданында болған Тоқаш Бердияровтың бірсыпыра прозалық, поэзиялық шығармалары балаларға арналған. «Шекарашы» өлеңінде елді күзетіп тұрған шекарашы ағаларды мақтан етсе, «Бұлақ» табиғат лирикасын толықтырады. «Сөмкеде не бар?» балладасы Қасымхан мен Өркен туралы. Екі бала мектепке келген соң сабақ басталады. Сабақ үстінде Қасымхан Өркеннен біресе кітап, біресе қарындаш, енді бірде қала-

мүш сұрап мазасын алады. Ол үлкен сумкасында неге қажет құралдары жоқ екенін түсінбей таң болады. Үзіліске шыққанда «Үлкен сөмке асыңған Нан жеп отыр Қасымхан!». Балалар Қасымхан мен Өркеннің істеріне қарап отырып, оларға баға береді. Мектепке барарда сөмкені тексеріп, қажет құралдарын салудың орнына нан толтырып алған баланың тірлігі күлкілі. Балалар Қасымхан сияқты емес, ұқыпты бала Өркеннен үлгі алып, Қасымханның тамақсаулығын мазақ етіп, оны келемеждейді. «8» бен «2» өлеңінде сабаққа дайындалмай, үй тапсырмасын орындамайтын жалқау Ақберді катокке барғанда «сегіздік» жасаймын деп мақтанғанмен, сабаққа барғанда үнсіз қалады. Оны ақын былай түсіндіреді:

«Мектепке барса – «бишара»,
Қалады үнсіз, өкініп.
Өкінбесіне не шара? –
Дәптері толы «екілік»... (Антология, 2021: 267).

Тамақсау Қасымхан мен мақтаншақ Ақбердінің істеріне қарап отырып, балалар олардан жиренеді. Мазақтама жанры балаларды тәрбиелеуде үлкен қызмет атқарады. Ақын мазақтамада жалқау, мақтаншақ балалардың тірлігін шынайы бейнелеген.

Сатирик ақын Оспанхан Әубәкіровтің «Сотқарбек», «Бектенбек», «Әлкей қыз» мазақтамалары осы қатарды толықтырады. Оның балаларға арналған «Қағаз қалпақ» жинағы 1983 жылы жарық көрген болатын. Осы жинаққа енген ақынның балаларға арналған шығармаларының негізгі ерекшеліктерін сыншы Б. Сарбалаұлы былай көрсетеді: «Балалар шығармасына қойылар басты талаптар: бірішіден, өмір танытқыштық, екіншіден, сұлулық (мазмұн мен пішін жарасымдылығы, көркемдік кемелдік, дыбыстық келісім), үшіншіден, тікелей, терең тәрбиелік мәнге ие болу болса, «Қазақ қалпақ» осы талаптардың бәріне түбегейлі жауап береді. Яғни бұл кітапқа тұтастай алғанда да толыққандылық (кендік пен биіктік және тереңдік) тән дей аламыз» (Сарбалаұлы, 2017: 324).

Сыншы айтқандай, ақын Сотқарбекті былай бейнелейді:

Мазақтайды, өкпелетіп кішіні,
Тентектігін айтып-ақ түр пішіні.
Достарымен төбелесіп, сотқардың
Шекесінен үзілмейді ісігі (Антология, 2021: 440).

Осы сияқты үйдегі бар әшекейді тақиясына, апасының сырғасын құлағына тағып алған

қыздың үсті басы толып тұрған қоңырау ретінде суреттелсе, бет-аузы көкпеңбек болып жүретін Бектенбектің сыйқынан ел шошиды.

Осы қатарда балалар ақыны Жақан Смақовтың есімін ерекше құрметпен атаған жөн. Оның «Сылдырмақ», «Алақан да балақан», «Ақ мамам», «Башпақ» өлеңдері бөбектерге арналса, мектеп жасына дейінгі және бастауыш сыныпқа арналған өлең-тақпақтарын өз ішінен бірнеше жанр бойынша сөз етуге болады. Олар: санамақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, мазақтамалар. «Санамақ», «Шымшық», «Бес саусақ», «Он батыр» санамақтарынан санамақты түрліше жазуға болатынын көреміз. Бірінде тапсырма беру арқылы, екіншісінде бірден онға дейін санамаулау арқылы. Осының өзінен санамақты түрліше дамытуға болатыны көрінеді.

Балалардың ойлау дағдысын, логикасын дамытуда көп септігін тигізетін келесі жанр – жаңылтпаш. Ақын балалардың тілі таза, анық болу үшін ұқсас сөздерді қайталау арқылы көптеген жаңылтпаштар құрастырған. Ұқсас сөздерді орын ауыстыра отырып, тез, жылдам айту арқылы олардың жаттау қабілетін арттырып, шешендікке баулиды.

Қоғабай қомағай ма,
Қомағай Қоғабай ма?
Қоғабай да қомағай –
Қомағай да Қоғабай.

Немесе:

Аппақ қақпақ аппақ па,
Сатпақ қақпақ аппақ па?
Аппақ қақпақ аппақ та,
Сатпақ қақпақ сатпақ та! (Антология, 2021: 401).

Алғашқы жаңылтпашта бір-біріне ұқсас «Қоғабай», «қомағай» сөздерінің орнын ауыстыру арқылы балаларды шатастыруға болатын болса, екіншісінде «аппақ», «сатпақ» сөздерінің орнын ауыстыру арқылы олардың тілін жаттықтырған. Ұқсас сөздердің орнын ауыстыру арқылы олардың мағынасын ойда сақтау, ойдағы сөз тіркестерін жылдам, тез айтуға баулиды. Бірінші жаңылтпашта «Қоғабай» сөзі – 4, «қомағай» сөзі – 4 рет қайталанса, екінші жаңылтпашта «аппақ» сөзі – 5, «сатпақ» сөзі – 3 рет қайталанған. Бір сөзді бірнеше рет қайталау арқылы сол сөзге көңіл аударумен бірге, жылдам айтылатын жаңылтпашта балаларды шатастыру да байқалады.

Ақын шығармашылығы жөнінде Ш. Күмісбайұлы: «Әдетте, «Бесік жырынан» бастап сәби

кұлағын үйретіп, қаз-қаз бастырып, жырмен тұсау кестіріп, ертегі тыңдатып, айтқызып, баланы мектепке жіберетін ақын көптің бірі. Оларды бастауыш сынып оқушыларының ақыны, немесе жазушысы, әйтпесе бөбектер ақыны десек те артық болмас. Олардың алдыңғы сапында Жақан Смақов тұрады», – деген болатын (Күмісбайұлы, 2008: 239). Осы пікірге сүйенетін болсақ, ақын мектеп жасына дейінгі балаларға ертегі тыңдаудан бастап, оларды жазу-сызуға үйретті. Оны «Кішкене әліппе» өлеңінен көруге болады. Ж. Смақов «Кішкене әліппе» өлеңінде балаларға әріп үйрете отырып, сөз құрауға дағдыландырады. Балалар әдебиетіндегі төрт түлік мал туралы өлеңдер жөнінде С. Қирабаев былай деген болатын: «Балалар үшін қызықты өлеңдердің бірқатары төрт түлік мал жайлы. Көшпелі тұрмысы малмен байланысты болған халық балаларға жыр арқылы мал түліктерінің түрлерін таныстырған. Оларда әр малдың өзіне тән ерекшеліктері сыпатталады» (Қирабаев, 2020: 46). Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, мұндай өлеңдерді балалардың қызыға оқитыны дау туғызбайды.

Бұзау: М-ны Ө-ге қосып,
«Мө», – дейді.
Бота; Б-ны Ө-ге қосып,
«Бө», – дейді (Антология, 2021: 397).

А. Байтұрсынұлы «Әліп біі» еңбегінде балаға әріпті «а» әрпінен бастап емес, «з», «а», «р» әріптерінен бастап үйрету арқылы жылдам сөз құрауды ұсынған болатын. Ж. Смақовтың өлеңіндегі балаға жылдам, тез әріп үйрету әдісі А. Байтұрсынұлы қалыптастырған дәстүрмен үндестіні құптарлық.

Белгілі ақын Сағи Жиенбаевтың бір топ өлеңдері балаларды ізгілікке тәрбиелеуге, танымын кеңейтуге арналған. «Әлия» – Ұлы Отан соғысының ардагері Әлия Молдағұлова туралы өлең.

Даламыздың даңқысың,
Балауса гүл, балғын қыз.
Жанын қиып халқы үшін
Жанып түскен ақ жұлдыз (Антология, 2021: 444).

Отанды шапқыншы жаудан қорғау жолында жанкешті ерлік жасаған қазақ қызын халық ешқашан ұмытпайды. Оның ерен ерлігі ғасырлар бойы балаларға үлгі-өнеге болмақ. Жастар-

ды патриоттық рухта тәрбиелеуде ел мен жер үшін жанын пиде еткен тарихи тұлғалар туралы шығармалардың атқарар қызметі жоғары. Балалар Әлияның Отан үшін жасаған ерлігіне қарап, Отанын, елін, жерін сүюді үйренеді. Ақынның «Ақ мама», «Түсімде», «Бәрі жақсы ананың» өлеңдері – аналар туралы жырлардың қатарын толықтырса, «Бізбен бірге», «Көңілді көктем», «Жазда», «Саяхат» – табиғат лирикалары. Туған жердің әр мезгілдегі көрінісін шынайы суреттеген ақын туған жерді бәрінен биік қояды. Сондықтан да «Ұшып келем» өлеңі ел мен жерді сүюдің әдемі үлгісі болып танылады.

Балаларға арнап шығармалар жазған ақынның бірі – Максұт Неталиев. Ақын балаларға әр дәуірдегі тарихи оқиғалар туралы сыр шертеді. «Исатай мен Махамбет» Исатай мен Махамбет бастаған көтерілістен хабар беріп, олардың ерлігі ұрпақтарға ұран болғанын айтады. «Тимур – солдат» өлеңінде солдаттарша мылтық, найза, қылышын асынып алып, үйді күзетіп жүрген Тимурдың батырлығын үлгі-өнеге еткен. «Шағала» атты танымдық өлеңінде балаларға шағала деген құсты таныстырып, балаларға тың, жаңа малұмат береді:

Шағаланың тамағы –
Майшабақтың тәттісі.
Дос санайды баланы
Ақ Жайықтың ақ құсы! (Антология, 2021: 455).

«Кептер мен дән» ертегісіне үш балапанын аштықтан құтқару үшін кептердің тауға да, тасқа да, орманға да барып дән іздегені, бір түйір дәнді үш балапанына алып бармақ болғанда, дән оған жерге ексе көбейтетінін айтады. Бір түйір дәнді жерге егіп оған су керек болғанда бұлтқа барып жаңбыр сұраса, өскінге күн керек болғанда күнге барып жерге шуағын төгуді өтінеді. Үш балапанын аштықтан аман алып қалу үшін жерді де, көкті де шарлаған кептердің еңбегіне қарап отырып, оның ұрпақ үшін жасаған еңбегіне тәнті боламыз. Бір дәнді қадірлеген кептерден балалар нанды, тамақты қадірлеуді үйренсе, балапандарына тамақ тауып беру үшін қаншама қиыншылықты басынан кешкеніне қарап отырып, өздерін асырау үшін ата-аналарының да талмай еңбек етіп жүргенін түсінетін болады. Ақын кептер мен бір дән туралы ертегімен балаларды ысырапшыл болмауға, барды қадірлеуге, еңбек етуге тәрбиелеп, олардың көкірек көзіне ізгілік нәрін себеді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, мақалада он томдық «Қазақ балалар әдебиеті» антологиясының «Ағайынбыз бәріміз» деп аталатын екінші томына енген Ы. Алтынсарин, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабаев, І. Жансүгіров, Ә. Сәрсенбаев, Ә. Тәжібаев, М. Әлімбаев, М. Жаманбаев, Т. Бердияров, Ж. Смақов, О. Әубәкіров, С. Жиенбаев, М. Неталиев тәрізді қазақ ақындарының балаларға арнаған шығармаларына талдау жасалды. Біріншіден, ауыз әдебиеті үлгілеріндегі балаларға арналған өлең, тақпақ, санамақ, мазақтама, жұмбақ, жаңылтпаш, ертегі, дастандар XIX-XX ғасырдағы қазақ ақындарының шығармаларында дәстүрлі сабақтастық тапты. Екіншіден, Ыбырай, Ахмет, Жүсіпбек, Мағжандар бала танымын кеңейтуде түрлі түсті суретті кітапшаларды тиімді пайдаланса, қазіргі уақытқа дейін суретті кітапшалар балаларға танымдық, тәрбиелік, эстетикалық байлық беруде. Үшіншіден, жоғарыда аттары аталған ақындарда мектеп жасына дейінгі балалар, бастауыш сынып оқушылары мен жасөспірімдерге арналған шығармалар көптеп кездеседі. Бала ұғымына сай қарапайым, түсінікті тілде жазылған тақпақтар мен өлеңдердің тілі жеңіл болғандықтан жаттап айтуға, қарапа-

йым жеңіл ұйқасқа, дыбыс өуезділігіне құрылғандықтан балалардың есте сақтауына ыңғайлы. Төртіншіден, бұл шығармалар бала тілін дамытуда, ойы мен қиялын ұштауда. еңбекке баулуда, туған жер мен елді құрметтеуде, отанды сүйе, үлкенге құрмет, кішіге ізет жасауда, адамгершілік қасиеттерді бала бойына сіңіруде үлкен қызмет атқарады. Жоғарыда келтірілген мысалдардан көргеніміздей, әр дәуірдің ақындары бала танымын кеңейтуге, оларды көркем шығармалар арқылы тәрбиелеуге көңіл аударған. Бесіншіден, ауыз әдебиетіндегі бесік жыры, санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, мазақтама түрлері заман талабына сай мазмұны жағынан толысып отырғандығын, әдеби ертегілер мен заман талабына сай жазылған туындылардың мәтіндерінен көруге болады. Алтыншыдан, қазіргі қазақ балалар әдебиетінде дәстүр сабақтастығы сақталып, мазмұндық, түрлік ізденістер айқын көрінуде.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023-2025 жж. BR21882298 «Қазақстан әдебиеттануы мен өнертануы әлемдік гуманитарлық білімнің тұжырымдамалық эволюциясы аясында» бағдарламасының қаржыландыруы негізінде жарияланды.

References

- Abiyev, Zh. (2006). *Pedagogika tarihi: oqu quraly* [History of pedagogy: Textbook]. Almaty. Daryn. (in Kazakh)
- Akhmetov, Sh. (1974). *Qazaq balalar adebieti* [Kazakh children's literature]. Almaty. School. (in Kazakh)
- Alston, A. (2008). *The Family in English Children's Literature (Children's Literature and Culture)*.
- Baitursynuly, A. (2022). *Shygarmalary – Sochineniya. On eki tom. Baianshy, Sauat ashqysh. Qazaq zhane orys tilderinde* [Works Essays. Twelve volumes. Bayanshy, Sauat ashkash. In Kazakh and Russian languages]. Astana. "Alashorda" PF. (in Kazakh)
- Balalar bagynyng bagbandary. *Anyqtamalyq* (2008). [Gardeners of the Children's Garden]. Reference. Compiled by: Shaken Kumisbayuly. Almaty. "Children's Literature" Publishing House. (in Kazakh)
- Carol, M.B., John, W.B. (2005). *The American Hero in Children's Literature: A Standards-Based Approach*.
- Hans-Heino, E. (2009). *Fundamental Concepts of Children's Literature Research: Literary and Sociological Approaches*. Routledge (Taylor & Francis).
- Kay, E.V. (1990). *Children's Literature: Theory, Research, and Teaching*. Libraries Unlimited.
- Lototskaya, A.A. (2017). *Problemy detskoi literatury XXI veka* [Problems of children's literature of the XXI century]. [Electronic resource]. URL: <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/chtenie/2017/05/14/problemy-detskoy-literatury-xxi-veka> (Date of use: 03.11.2024) (In Russian)
- Mineralova, I. (2020). *Detskaya poeziya i russkie poety v krugе detskogo i yunesheskogo chteniya* [Children's poetry and Russian poets in the circle of children's and youth reading]. [Electronic resource]. URL: https://studme.org/297864/literatura/detskaya_poeziya_russkie_poety_krugе_detskogo_yunosheskogo_chteniya (Date of use: 03.11.2024) (In Russian)
- Mukhanova, B.Zh., Ilyasova, R.K. (2008). *Etnopedagogika: Oqu quraly* [Ethnopedagogy: Textbook]. Astana. Foliant. (in Kazakh)
- O'Sullivan, K., Whyte, P. (eds.) (2017). *Children's Literature Collections: Approaches to Research*. Palgrave Macmillan US.
- Orda, G. (2024). *Qazirgi qazaq balalar adebieti (1991-2021)* [Modern Kazakh children's literature]. Monograph. Almaty. Toganay. (in Kazakh)
- Qazaq balalar adebietining antologiyasy. *Agaiynbyz barimiz. 2 tom: Qazaq aqyndarynyng balalarga arналған olengderi, taqpaqtary, ssanamaqtary, mazaqtamalary, zhumbaqtary, zhangyltpashtary, zhanga ertegi-dastandary* (2021). [Anthology of Kazakh children's literature. We are all brothers. Volume 2: Poems, rhymes, riddles, riddles, new fairy tales and epics by Kazakh poets for children. Almaty. "Adebiat" Publishing House. (in Kazakh)

Qazirgi qazaq balalar adabietining damu urdisteri (1991-2021). (2022). [Development trends of modern Kazakh children's literature]. Collective monograph. Almaty. LLP "Litera-M". (in Kazakh)

Qirabayev, S. (2020). Qazaq balalar poeziyası [Kazakh children's poetry]. Kitapta: Qirabayev S. Bes tomдық shygarmalar zhinagy. T. 3. [In book: Kirabayev S. Five-volume collection of works. T. 3.]. Kokshetau. Publishing house "Nadezhda 2050". (in Kazakh)

Sarbalauly, B. (2017). Besik zhyry – basty zhyr [Lullaby the main poem]. Almaty. "Aiganym" publishing house. (in Kazakh)

Seitaliev, K. (2009). Pedagogikanyng zhalpy negizderi. Oqu quraly [General foundations of pedagogy. Textbook]. Almaty. "Country". (in Kazakh)

Tabyldiev, A. (1992). Halyq tagylymy. Zhandytpash, sanamaq, zhumbaq, maqal, matel, terme [Folk lore. Puzzle, riddle, riddle, proverb, saying, terme]. Almaty. Kazakh University. (in Kazakh)

Yusupova, M. (2024). Problemy detskoi literatury v XXI veke [Problems of Children's Literature in the 21st Century]. Ta'limning Zamonaviy Transformatsiyasi, Vol. 4 (1), P. 44-48. [Electronic resource]. URL: <https://pedagoglar.org/03/article/view/137> (Date of use: 03.11.2024) (In Russian)

Zharykbayev, K. (2013). Kitapta: Aimauytov Zh. Alty tomдық shygarmalar zhinagy. 4 tom [In book: Aimauytov Zh. Six-volume collection of works. 4 volumes. Almaty. "Orkhon" Publishing House. (in Kazakh)

Авторлар туралы мәліметтер:

Орда Гүлжахан Жұмабердіқызы – филология ғылымдарының докторы, доцент, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: orda_68@mail.ru);

Измахан Толқын – PhD докторант, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: tolkini@mail.ru).

Information about the authors:

Orda Gulzhakhan Zhumaberdiyzy – Doctor of Philological Sciences, Associate Professor, M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Al-Farabi Kazakh National University, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: orda_68@mail.ru);

Izma Khan Tolqyn – doctoral student, M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Al-Farabi Kazakh National University, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: tolkini@mail.ru).

Сведения об авторах:

Орда Гүлжахан Жұмабердіқызы – доктор филологических наук, доцент, Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова (г. Алматы, Казахстан, e-mail: orda_68@mail.ru);

Измахан Толқын – PhD докторант, Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова (г. Алматы, Казахстан, e-mail: tolkini@mail.ru).

Келіп түсті: 3 ақпан 2024 жыл.
Қабылданды: 2 наурыз 2025 жыл.